



Атырау облысы жергілікті атқарушы органының облигацияларын шығарудың, орналастырудың, айналысының, өтеудің және қызмет көрсетудің уақытша тәртібін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 26 маусым N 940

"Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш

туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 тамыздағы
Z990464_

Заңына

сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Атырау облысы жергілікті атқарушы органының облигацияларын шығарудың, орналастырудың, айналысының, өтеудің және қызмет көрсетудің уақытша тәртібі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 26 маусымдағы
N 940 қаулысымен
бекітілген

Атырау облысы жергілікті атқарушы органының
облигацияларын шығарудың, орналастырудың, айналысының,
өтеудің және қызмет көрсетудің
Тәртібі

1. Жалпы ережелер

1. Осы тәртіп Қазақстан Республикасы аумағында Атырау облысы жергілікті атқарушы органының облигацияларын (бұдан әрі - Облигациялар) шығарудың, орналастырудың, айналысының, өтеудің және қызмет көрсетудің тәртібін белгілейді.

2. Облигациялар мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар болып табылады, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, аймақтық инвестициялық бағдарламаларды қаржыландыру мақсатында Атырау облысының жергілікті атқарушы органы (бұдан әрі - Эмитент) шығарады.

3. Облигациялар құжатсыз нысанда шығарылады, "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" жабық акционерлік қоғамында (бұдан әрі - Депозитарий), оларды ұстаушылардың "депо" шоттарына және олардың инвесторлары бойынша бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларында ашылған "депо" шоттарына тиісті жазбалар жүргізу жолымен орналастырылады.

4. Облигациялардың бастапқы құны - 100 АҚШ доллары.

Барлық есеп айырысулар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есеп айырысуды жүзеге асыру күнінен алдыңғы күнгі бағамы бойынша теңгемен жүзеге асырылады.

5. Облигациялардың айналыс мерзімі - бір жыл. Облигациялар бойынша сыйақыны (мүддені) төлеуді облигациялар айналысының жүз сексен екінші - жүз сексен үшінші және үш жүз алпыс бесінші күндерінде Эмитент жүргізеді. Соңғы сыйақыны (мүддені) төлеу күні облигацияларды өтеу күнімен дөп келеді.

2. Шығару және орналастыру

6. Облигациялардың әрбір шығарылымының Эмитент бекіткен шығару параметрлеріне орай, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы беретін ұлттық бірдейлендірілген нөмірі болады.

7. Облигацияларды бастапқы орналастыруды Эмитент өткізетін, конкурстың нәтижелері бойынша сайлануы жүзеге асырылатын, Андеррайтер іске асырады. Эмитент пен Андеррайтердің арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Тәртіппен және Эмитент пен Андеррайтердің арасында жасалатын андеррайтингтік қызмет көрсетуге арналған шартпен реттеледі.

8. Облигацияларды бастапқы орналастыруды сыйақы (мүдде) ставкасының өсуімен бастапқы құны бойынша Қазақстан қор биржасының сауда жүйесі арқылы аукцион өткізу жолымен, инвесторлардың - жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының резиденттері мен резидент еместердің арасында Андеррайтер жүргізеді. Облигацияларды сатып алуға арналған өтініштерді қанағаттандыруды сыйақы (мүдде) ставкасының өсуі бойынша реттелген өтініштер ведомосының

негізінде, ставкалар мен көлемнің Эмитент үшін қолданымды мәні бойынша Эмитент жасайды.

9. Аукционды өткізудің тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қазақстан қор биржасының биржалық сауда ережелерімен реттеледі.

10. Облигацияларды биржаның сауда жүйесі арқылы бастапқы орналастыру кезіндегі ақшалай есеп айырысуының тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қазақстан қор биржасының биржалық сауда ережелерімен айқындалады.

11. Облигациялар эмиссиясының көлемін Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті қаулысымен бекітілген, қарызға алу лимитінің шегінде Эмитент белгілейді. Облигациялар бойынша сыйақының (мүдденің ставкасы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісіледі.

3. Облигациялардың айналысы

12. Шығарылымдағы барлық облигациялардың айналысы аукционға қатысушылар Қазақстан қор биржасының аукционның қорытындысы бойынша инвесторлар сатып алған облигациялар үшін ақшаның Эмитенттің шотына түскендігі туралы растауын алған күннен кейінгі күннен басталады және сыйақыны (мүддені) төлеу күніне және/немесе облигацияларды өтеу күніне дейін бес жұмыс күні қалғанда тоқтатылады.

13. Бағалы қағаздардың екінші рыногында облигациялармен жасалатын барлық операциялар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

14. Облигацияларға меншік құқықтарын есепке алу мен ауыстыруды облигацияларды ұстаушылардың жазбаша тапсырмаларының негізінде сатушы мен сатып алушының "депо" шоттарына тиісті жазбалар енгізу жолымен Депозитарий жүзеге асырады.

4. Облигацияларды өтеу

15. Сыйақыны (мүддені) есептеу Қазақстан қор биржасы инвесторлар бастапқы орналастыру кезінде сатып алған облигациялар үшін Эмитенттің шотына ақша аударған күннен кейінгі күннен басталады және шығару шарттарына сәйкес айқындалатын сыйақының (мүдденің) ставкасы бойынша, өтеу күнін қоса есептегенде, айналыс кезең бойы жүргізіледі.

16. Эмитент облигацияларды өтеуді бастапқы құны бойынша облигациялар айналысының үш жүз алпыс бесінші күнтізбелік күнінде жүргізеді. Егер облигацияларды өтеу немесе сыйақыны (мүддені) төлеу демалыс күніне түссе, ол келесі жұмыс күні жүргізеді.

17. Депозитарий сыйақыны (мүддені) төлеу күнінен және/немесе облигацияларды

өтеу күніне дейінгі үш жұмыс күнінен кешіктірмей Эмитентке Депозитарий деректерінің негізінде қалыптастырылатын және олар бойынша сыйақыны (мүддені) төлеу және бағалы қағаздар рыногына әрбір кәсіби қатысушы бойынша өтеу жүргізілуі тиіс облигациялардың саны туралы мәліметтерді қамтитын жиынтық ведомосты жалдайды.

18. Облигациялардың бастапқы құнын өтеуді және сыйақыны (мүддені) төлеуді жиынтық ведомосқа сәйкес, бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылардың есеп/жеке шоттарына ақша аудару жолымен, Атырау облысы жергілікті бюджетінің қаражаты есебінен Эмитент жүзеге асырады.

19. Облигациялардың бастапқы құнын өтеуді және сыйақыны (мүддені) төлеуді Эмитент немесе оның уәкілеттік берілген өкілі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өтеу күнінің алдындағы күнгі ресми бағамы бойынша теңгемен жүргізеді.

20. Облигацияларды өтегеннен кейін Эмитент 5 күннің ішінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне облигациялардың өтелгені туралы Депозитарийдің мәліметтерінің көшірмесін және жүргізілген өтеулерді растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

21. Эмитент Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің бұрын өтеу

күнінен алдыңғы күнгі ресми бағамы бойынша сыйақы (мүдде) есептеудің кезекті кезеңінде олардың нақты айналыста болған уақыты үшін сыйақыны (мүддені) төлеу арқылы облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуге құқықты.

22. Эмитенттің мерзімінен бұрын өтеу туралы шешімі мұндай өтеу күніне дейін 10 жұмыс күні бұрын, өз кезегінде 5 жұмыс күнінен кешіктірмей ол туралы бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларына хабарлайтын, Депозитарийге жеткізіледі.

23. Облигациялармен операциялар бойынша салық салудың тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Орынбекова Д.Қ.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК